ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОТЫ

СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ МЕЖРАЙОННЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ СУД КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

120014, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29, тел: +7 (7242) 55-98-51;
факс: +7 (7242) 55-98-51; email: 110202@sud.kz

120014, Республика Казахстан, Кызылординская область, город Кызылорда, улица Айтеке би, 29, тел: +7 (7242) 55-98-51;
факс: +7 (7242) 55-98-51; email: 110202@sud.kz

31.05.2024 № 4360-24-5-29/8146

№4360-24-00-2/511

«Қызылорда облыстық онкология орталығы»

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотымен талап қоюшы «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда облыстық онкология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «Акбердиев и компания» толық серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы азаматтық ісі бойынша соттың 28.03.2024 жылғы заңды күшіне енген шешім көшірмесі орындау үшін жолданады.

Қосымша: Шешім көшірмесі « 2 » парақта.

Судья Б.Елшібеков

Орынд.: Хабиев О. А.
тел.: *8-7242-55-98-49, 8708-440-95-93., 724-2469@sud.kz*

Құжатты жасаған: ХАБИЕВ О. А., 8-7242-55-98-49, 8708-440-95-93 сот отырысы «WhatsApp» мобильдік қосымшасының қолданушысымен өткізілетіні хабарланады.
Құжатқа қол қойылған: ЕЛШІБЕКОВ Б. Е., 31.05.2024 10:12

ҚР Жоғарғы соты, Төрелік АЖ. ЭСҚ тексеру нәтижесі он

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 28 наурыз №4360-24-00-2/511 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.Е.Елшібеков,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда облыстық онкология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Акбердиев и компания» толық серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда облыстық онкология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «Акбердиев и компания» толық серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Акбердиев и компания» толық серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Акбердиев и компания» толық серіктестігінен мемлекет кірісіне сот шығысы мемлекеттік баж сомасы 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған

сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Б.Е. Елшібеков**

Көшірмесі дұрыс.

Судья **Б.Е. Елшібеков**

Анықтама: Шешім 30 мамыр 2024 жылы заңды күшіне енді.

Судья **Б.Е. Елшібеков**

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 29.03.2024

Заңды күшіне енген күні: 30.05.2024, судья Елшібеков Б. Е., 30.05.2024

4360-24-3-1/467